

Ж.Жұмбаева  
А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының  
аға ғылыми қызметкері

## ДАУЫССЫЗ Қ, К, Х, Һ ФОНЕМАЛАРЫНЫҢ ФОНЕТИКА- ФОНОЛОГИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Қазақ тіліндегі дауыссыз <қ> фонемасының айырым белгісі: тоғысыңқы, тілшік қатаң; <К> фонемасының айырым белгісі: дауыссыз, тоғысыңқы, тіл ортасы, қатаң [1]. [х] дыбысы фонема ретінде сөз мағынасына әсер етпейді. Дауыссыз тоғысыңқы, қатаң дыбыс ретінде араб, орыс тілінен енген сөздердің құрамында жазылады. Жазылуына сәйкес дыбысталады [2]. [h] дыбысы қазақ тілінің төл фонемасы емес, инвариант фонема ретінде сөз мағынасын ажырата алмайды. Дауыссыз, жуысыңқы, тілшік, қатаң дыбыс ретінде тек араб және парсы тілінен енген сөздерде дәстүрлі жазу принципі бойынша таңбаланады [2].

Көне түркі жазуында дауыссыз қ фонемасы жуан дыбысты сөздердің барлық позициясында келген. Сөз басында: *қара, қар*; сөз ортасында: *тоқуз, йоқару*; сөз соңында: *адақ, йамчақ*. К дыбысы да сөздің барлық позициясында келіп отырған. Сөз басында: *кісі, күмүш*; сөз ортасында: *өкүн, екінті* және сөз соңында: *көргек, көк*. Көне түркі тілінде тіл арты [қ] дыбысы моносиллабтардың барлық шенінде жиі қолданылатын дыбыстар қатарына жатады. Көне түркілік анлаут қ қыпшақ тілдерінде негізінен қатаңдық табиғатын сақтаған кей тілдерде ұяңдану, жіңішкеру процестері байқалады [3].

Дауыссыз Һ дыбысына келетін болсақ, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Ж.Аралбаев зерттеулерінде [h] дыбысының төл сөздерде бірлі-жарым одағайларда келетіні және араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздерде кездесетіні айтылады. А.Байтұрсынұлының пікірінше, х (ح) дыбысы [қ]-ға жақын дыбыстың әрпі. *Қалың (әл-ауқатың) қалай! – Халың қалай? Құрметті – хұрметті. Қажы – хажы*. Қазақ сөзінде «х» сықылды естілетін дыбыс, арапшада «х»-дан қатты, тамақты қырып айтылады. Қ, ғ үнемі жуан айтылады, «к» мен «т» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады [4].

Қ.Жұбановтың айтуынша, Һ дыбысы қазақ сөздерінде ұшырап жарымайды. Араб-парсы тілдерінен келген қаһарман сияқты сөздерде болса да, ондайлар тіпті аз. he-ha-he; ah; uh, tuh, oha! – дегендер сияқты одағай сөздерде ғана Һ дыбысы кездеседі [5]. Ж.Аралбаевтың пікірінше, қазіргі қазақ тіліндегі фарингаль «h» спиранты бірлі-жарым одағай сөздерде (ah, uh, aha, ehe, oho, moh-moh), сондай-ақ күншығыс (араб, иран) тілдерінен енген кейбір сөздерде ғана айтылады: *қаһарман, қаһар, аждаһа–айдаһар, гауһар, жаһан – жиһан, жаһаннам, жаһанкез, жиһангер, іждиһат, шаһар – шәһәр*. Қазақ тілінде «h» дыбысына келсек, бұл жөнінде мына пікірді айтуға болады:

Спирант «h» дыбысын айтқанымызда тілдің түбі фаринкс қабырғасына жуысады да, содан жұтқыншақ қуысы тараяды. Біздің байқауымызша, қазақ тіліндегі «h» спиранты жасалу орнына қарай жоғары фарингаль дыбысқа жатады. Жасалу жолына қарай «h» фарингалын ызың дыбыс деп білеміз. Кимограф және осциллограф құралдары арқылы зерттеуге қарағанда қазақ тіліндегі h фарингалы сөздің инлаут позициясында үнемі ұяң болып айтылады. Оның жуан-жіңішке түрде айтылатын фонетикалық варианты да жоқ емес (жаһан-жиһан, аһа-еһе) [6]

Түркі тілдерде «h» спирант көбіне күншығыс (араб-иран) тілдерінен ауысқан кірме сөздерде кездеседі. Бірақ бұл тілдерде «h» спирантының қолданылу жайы мен айтылу күйі, фонетикалық қасиеті біркелкі емес. Мәселен, түркімен, татар, құмық, ноғай тілдеріне қарағанда, қазіргі әзербайжан, өзбек, ұйғыр тілдерінде «h» ызыңы күншығыс тілдерінен енген кірме сөздерде жиі айтылып, дербес фонема сапасында қолданылады. Яғни сөздің мағынасын ажыратуға себебі бар – фонемалық дыбыстың бірінен саналады. Ал екінші бір топ түркі тілдерде (чуваш, хакас, тува, алтай, гагауз, қырғыз, қараим, балқар тілдері) h спиранты дербес фонема сапасында қолданылмайды. Өзге түркі тілдерінің байырғы сөздерінде келетін с қатаңы қазіргі башқұрт және якут тілдерінде көбіне «h» спирант түрінде айтылады. Мысалы башқұрт тілінде: *һау (су), һайлау (сайлау), һин (сен), һакал (сақал)*[6]. Өзге түркі тілдерде (күншығыс тілдерінен ауысқан сөздерде) айтылатын «h» спиранты қазіргі қазақ тілінде бірде қатанданып тіл арты қ – х дыбыстарына ауысса, бірде мүлде түсіп қалып айтылады: әзербайжан тілінде – *һазыр*, өзбек тілінде – *һайвон*, ұйғыр тілінде – *һайуан*, қарақалпақ тілінде – *һайуан, хайуан, айуан*, қазақ тілінде – *хайуан, айуан*.

Ж.Аралбаевтың анықтауынша, сөйлеу тілінде кей уақыт қ мен х дыбыстары сөз ішінде жарысып айтыла береді: тақта –тахта, тоқта –тохта, тоқсан – тохсан, шықты – шыхты (қ//х) т.б. Сөз ішінде не сөз аралығында интервокал позициясында қ қатаңы мен ғ ұяңы комбинаторлы түрде алмасады: ақ-ы – ағы, ақ-ала – ағ ала [6].

Қазақ тіліндегі тіл арты қ дыбысының орнында қазіргі чуваш, хакас және тува тілдерінде үнемі х спиранты айтылады: қазақ тілінде – қарын, чуваш тілінде – хырам, қазақ тілінде – сақал, чуваш тілінде – сухал. Қазақ тілінде – қабырға, хакас тілінде – хабырға, қазақ тілінде – қағаз, хакас тілінде –хағас, қазақ тілінде –қайда, хакас тілінде – хайда. Қазақ тілінде – қап, тува тілінде – хап, қазақ тілінде – қой, тува тілінде –хой[6]. Х спиранты мен қ шұғылының ерекшелігі негізінде артикуляциялық жолында: қ-ны айтқанда тілдің артқы бөлегі таңдайдың артқы шеніне нық жабысуынан жасалады, ал х фонемасы тілдің артқы бөлегі мен таңдайдың артқы шені жуысуынан жасалады. Сондықтан қ шұғыл, х ызың. Қазақ тілінде х артикуляциялы дыбыс бұрын болмады десек, қате болар еді. Х дыбыс бұрын этимологиясы араб-иран тілдерінен енген сөздерде айтылатын *хабар, хат, хызмет, дихан, асхана*. Ауызекі тілде қ шұғылының орнына кей уақыт х спиранты жұмсалады: *қабар (хабар), қат (хат), қызмет (хызмет)*. Х дыбысы қ

шұғылының акустикалық варианты ретінде айтылып, екеуінің арасында фонематикалық кезең байқалмайды [6].

І.Кеңесбаев өзінің еңбегінде дауыссыз х дыбысын қазақтың әдеби тіліне сіңіп кеткен фонема дей отырып, жасалу орнына қарай қазақтың байырғы фонемасы қ-мен ұялас келетінін айтады. Жасалу жолына қарай х – фрикатив, ал қ – шұғыл дыбыстарға жатады деп береді.

Бұл дыбыстардың фонемалық мәртебесін ең алғаш анықтаған профессор Н.Уәлиұлының айтуы бойынша, һ әрпі кірме сөздердегі бейүндес буынның жігін жымдастыру қызметінде жұмсалатын маркерлі әріп. Мысалы, Ахмет, жиһаз т.б сөздерде буындардың жіңішке/жуан айтылуына сілтеп тұрады. Х әрпі сөз тұлғаларының мағынасын графикалық тұрғыда ажыратуға көмектеседі, кірме сөздерде жазылады [7].

Ал зерттеуші Н.Уәли өзінің зерттеуінде /x/, /h/ дыбыстарының фонемалық мәртебесін анықтау үшін төрт әуез (тембр) тәсілмен тексеріп, бұлардың қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне кірген-кірмегенін анықтауға болатын тәрізді. Қазақтың төл сөзінде қолданылатын әрбір дауыссыз инварианттың /y/-дан басқа, қай-қайсы болмасын төрт түрлі әуезбен айтылатын варианты және тоғыз реңкі болатынын айтады [8].

<к>, <қ> фонемасының күшті позициядағы төрт әуезді вариациясы [к], [к<sup>1</sup>], [к<sup>0</sup>], [к<sup>01</sup>], әлсіз позициядағы [г], [г<sup>1</sup>], [г<sup>0</sup>], [г<sup>01</sup>] варианты бұл дыбыстың негізгі дыбыс қорын құрайды (Баданбекқызы). Н.Уәлидің айтуы бойынша белгілі бір позицияда [к] дыбысы палатализация құбылысына ұшырайды: [ақ<sup>1</sup>ір<sup>1</sup>ет<sup>1</sup>] акірет, [к<sup>01</sup>ұд<sup>1</sup>үр<sup>1</sup>өт<sup>01</sup>] күдірет, [к<sup>01</sup>ас<sup>1</sup>ій<sup>1</sup>ет<sup>1</sup>] қасиет т.б. Бұл ерекшелік <к> фонемасының әлсіз позициясындағы варианттарын да қамтиды: [ағ<sup>1</sup>еш<sup>1</sup>к<sup>1</sup>і] ақ шекі, [ағ<sup>01</sup>үр<sup>01</sup>п<sup>01</sup>өк<sup>01</sup>] ақ үрпек т.б. Сондай-ақ <к> фонемасының өкілі болып табылатын палаталь [г<sup>1</sup>],[к<sup>1</sup>] дыбыстарының веляризациялану құбылысын атап көрсетеді: [к<sup>0</sup>өк<sup>0</sup>парға] көкпарға, [к<sup>1</sup>ег<sup>1</sup>алуу] кек алу [9].

Ал ғалым Ә.Жүнісбек /x/, /h/ дыбыстары қазақ тілінің төлтума дауыссыздарының қатарына жасанды түрде жатқызылып жүр деп біледі. /x/-/к-h/ қазақ консанантизм жүйесінде оппозиция құрай алмайды, егер мұндай оппозиция бар болса, орыс тілінен ертеректе енген қамыт /хомут/ хамыт түрінде жазылуы /айтылуы/ керек еді деген уәж айтады. Сөйтіп «Безусловно, /x/ как интервокальный ассимилятивный вариант /к-h/ в казахском языке существует» деп келтіреді. Негізінен, араб-парсы тілінен енген сөздердің біразы дәстүр бойынша /x/ әрпімен таңбаланады. Шындығында, хадис, хазірет, хакім, хасіл, рахмет, Хамит, Ахмет, дихан сөздерінде /x/ әрпі бейүндес буындардың жігін «жасырып», дауыстының жіңішке екеніне маркер болып тұрады: [x'адис], [x'азірет], [p'ахімет], [дійх'ан]. Жіңішке <х> дыбысы кейде <қ> фонемасымен қатар айтыла алмайтындықтан, таңбалануды қажет етеді, мысалы: хикая, хикаят, хикаяшыл, хикмет. Сөйтіп, қазақ графикасы тілдің үндесім заңдылығын әріп маркерлігімен де сақтай алды дейміз [7]. 1972 жылғы Орфографиялық сөздікте /x/ әрпі омоним сөздерді ажырату үшін қолданылатыны (хат-қат (зәру), ханша-қанша), түбір

тұлғасында /х/ әрпі жазылған сөздердің туынды тұлғаларына да /х/ әрпі қолданылатыны (*халықшыл, хабаршы*) айтылады. Ал қалған жағдайлардың бәрінде де /х/ мен /к/ дүдәмал естілсе де, /к/ әрпі қолданылатыны көрсетілген. Мысалы, *ақшам (ахшам емес), ақымақ (ахмақ емес)*.

Қорыта келгенде, дауыссыз қ, к, х, һ дыбыстары фонетика-фонологиялық жағынан әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі болып табылады.

### Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Қазақ грамматикасы. Астана, 2000 ж.
- 2 Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау. Алматы, 2016ж.
- 3 Ескеева М.Қ. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі моносиллабтардың құрылымдық ерекшеліктері. (филол.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация). Алматы, 2007 ж.
- 4 Байтұрсынова А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992 ж.
- 5 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А, 1966 ж.
- 6 Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы, 1988 ж.
- 7 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. А, 2006 ж.
- 8 Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. (Филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация). А, 1993.
- 9 З.Баданбекқызы. Қазақ тіліндегі фонемалардың дыбыс қорлары. А, 2001 ж. (филол.ғыл.канд.ғылым дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация).